У 2015
698 к

Кенжебай Бекпаев

# Ақжайық аруы

Романстар



Астана
2013





**Кенжебай Бекпаев**

*Достарым*
*Аманкелді және Айгүл Құдырбековтерге*
*арнаймын*

# Ақжайық аруы

Романстар

**Астана**
**2013**

**УДК 78**
**ББК 85.314**
**Б 39**

**Бекпаев К.**
**Б 39** Ақжайық аруы:романстар./ Кенжебай Бекпаев - Астана: «Мастер По» ЖШС, 2013- 22 б.

**ISBN 978-601-7409-82-6**

Кенжебай Бекпаев елімізге әндерімен, романстарымен, шығармаларымен кеңінен танылған композитор.

«Ақжайық аруы» атты жинаққа белгілі ақын Ұлықбек Есдәулетовтың поэзиясы шабыт беріп, әндердің дүниеге келуіне себепкер болып отыр.

Көп жылдарын шығармашылыққа арнаған сазгердің ән өнеріне деген махаббаты бірден байқалады. Әндердің мағынасына, лирикасына, кеңдігіне, ішкі сезімі мен нәзіктігін ашуға көп мән беретіндігі, ізденімпаздығы, талғампаздығы, әншілерге ыңғайлы диапазон таңдауы да кәсібиліктің деңгейін байқатады.

Аталмыш жинаққа енген «Ақжайық аруы», «Мен сенемін», «Хат», «Гүлзар» атты әндер топтамасы ағамыздың өзіне ғана тән қолтаңбасының, мәнерінің және бағытының айқын екендігін дәлелдеп, жинақтың қажеттілігі және сұраныска ие болатындығына сенім ұялатады.

Сазгер ағамызға зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылығына шабыт тілеп, келешекте де жаңа туындыларымен өз халқын қуанта береді деген сенімдемін.

Қазақстан композиторлар одағының мүшесі,
Қазақ ұлттық өнер университеті
композиция кафедрасының доценті
ҚР «Мәдениет қайраткері» С.Қ. Әбдінұров

**УДК 78**
**ББК 85.314**

**ISBN 978-601-7409-82-6**

© **Бекпаев К., 2013**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ Б.Н.

# Ақжайық аруы

**Сөзі:**
**Ұлықбек Есдәулеттікі**

**Әні:**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

Жарқын, тереӊ сезімммен ♩. = 65




ff
mf
күн - нің ө - зі
нұр - лан - ған - дай.
Pno.
ff
mf
Аш бе - лі
ақ қай - ың боп
бұ
Pno.
mf
рал - ған - дай,
ө - лең - ге
ө - зі ке - ліп
Pno.
mf


mp
сұ - - - ран - ған - дай.
ө - лең - ге
Pno.
mp
ө - зі ке - ліп
сұ - ран - ған - дай.
Pno.
Pno.
f


1.
1.
a tempo
Pno.
rit.
f
Сол Жай - ық кал - са е - кен
Pno.
mf
деп ы - лай - лан бай.
Pno.
f

## Ақжайық аруы

Көз қандай,
Келбет қандай, шырай қандай,
Көркінен Күннің өзі нұр алғандай.
Аш белі ақ қайың боп бұралғандай,
Өлеңге өзі келіп сұранғандай.

Апталған Айдан аппақ мынау маңдай,
Қызықпай қарау қайда құмарланбай.
Қылығы –
Құс аузынан гүл алғандай,
Тұнығы –
Жұлдыздарды суарғандай.

Сезімі –
Ақжайықты бу алғандай,
Көңілі –
Желбіретіп ту алғандай,
Тілеймін жан тәніммен, күмән қалмай
Сол Жайық қалса екен деп ылайланбай.

# Мен сенемін

**Сөзі:**
**Ұлықбек Есдәулеттікі**

**Әні:**
**Кенжебай Бекпаевтікі**





16
ff
рін, тағ - ды-рың - ды ұ-сын-ған - - - - дай
Pno.
f
20
mf
ко-лы-ма ұ - сы-нар-сың ұ-сы-нар-сың а - са - у қай - ық
mp
24
1.
ес - ке - гін.


29
Pno.
rit.
a tempo
34
Pno.
f

## Мең сенемін

Мен сенемін...
Қайта жанып өшкенін,
Нұрға бөлеп қара Ертістің кештерін,
Тағдырыңды ұсынғандай қолыма
Ұсынарсың асау қайық ескегін.

Мен сенемін...
Буға айналып өлі мұз,
Гүлге айналып, нұрға айналып тегі біз,
Қатар жатқан қос жанартау деміндей
Бір - бірімізді тұрар шарпып деміміз...

Мен сенемін,
Бұл жалғанда бақыт бар,
Әттең, бірақ ғұмыр жүйрік, уақыт тар.
Жаз шыққанша бұтағымыз майысып,
Жапырақтарға қалар, бәлкім, қатып қар.

Сенемін мен:
Сезім кейде обаған,
Ессіз еріп, есіл кеткен сан адам.
Мен сенбеймін махаббатқа
Егер де
Бір толқымай өтер болсаң сең оған!

# Х а т (көздеріңе ғашықпын)

**Сөзі:**
**Ұлықбек Есдәулеттікі**

**Әні:**
**Кенжебай Бекпаевтікі**




12
сыр - лас қан-да ар - - - ман ат - ты тыл-сым - мен,
Pno.
16
ту сыр-тым-нан үп ет - кен - де са - мал
Pno.
19
жел е - лең-дей - мін е - - - лең-дей -
Pno.


22
mf
мін
сен шы - ғар деп күр - сін -
Pno.
24
1.
ген.
mf
f
27


30
ші!
30
Pno.
f

## Хат (Көздеріңе ғашықпын)

Жұмып кейде жанарымды нұр сіңген,
Сырласқанда арман атты тылсыммен,
Ту сыртымнан үп еткенде самал жел
Елеңдеймін сен шығар деп күрсінген.

Ғашық жанды әлдилейтін ән керек,
Ғашық жанның басындағы хал бөлек.
Жаңбыр жауса тырсылынан оянам,
Іздеп келіп, есік қаққан сен бе деп.

Қашан болсын қайғы көрмей, жүр аман,
Тағдырдан мен басқа тілек сұраман.
Күн астынан сыңғырласа күміс су,
Сенің күлкің естілгендей қуанам.

Біле білсең өмір деген өткінші,
Аз ғұмырда көп қуаншы, көп күлші.
Маған ұқсап аспандағы Ай мен Күн
Көздеріңе ғашық болып өтсінші.

# Гүлзар

Сөзі
Ұлықбек Есдәулеттікі

Әні
Кенжебай Бекпаевтікі

Ойлы түрде ♩= 65




тор - ғай-ы шы-рыл-да-ған.
Тек - сен жоқ - сын,
Pno.
кө - зің-де жұл-дыз ой - нап,
Ба - қыт-ты бо-ла-мыз-деп
сы - быр-ла-
Pno.
ған.
Ба - қыт-ты бо-ла-мыз... деп
Pno.


1.
сы - быр-ла - ған.
1.
Pno.
Pno.
Pno.

## Гүлзар

Мынау -  гүлзар, екеуміз гүл ұрлаған,
Мынау – сол түн, торғайы шырылдаған.
Тек сен жоқсың, көзіңде жұлдыз ойнап,
«Бақытты боламыз...» деп сыбырлаған.

Бұтағына теректің Ай қонақтап,
Үстімізге қанатын жайған аппақ.
«Біз бақытты боламыз, боламыз...» деп,
Тұрдым сонда сөзіңді ойға жаттап.

Санам бүгін сағыныш сазын ұқты,
Тағдыр бізге жасады қазылықты.
Кеше ғана өзіңнен келген хатта
«Бақытты бол… Кешір…» деп жазылыпты.

Мынау – гүлзар, торғайы шырылдауда,
Бүгін бауға келгем жоқ гүл ұрлауға.
Бұтағына Ай қонған кәрі терек,
«Бақытты боласың...» деп сыбырлауда…

000001581813

# Мазмұны

1. Ақжайық аруы..........................................................................................3

2. Мен сенемін .........................................................................................8

3. Хат (көздеріңе ғашықпын).....................................................................12

4. Гүлзар ..................................................................................................17

*Аранжирлеуші*

**Владимир Шевченко**

Басуға 12.06.2013 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 1,4 Пішімі 60/84 /16
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 0166

«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76
e-mail.: masterpo08@mail.ru